№33
(7770)

20 тамыз,
Сейсенбі,
2019 жыл.

uil-gazet@mail.ru

Ойыл

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1930 жылдың қараша айынан бастап шығады.

ШАРУАЛАРҒА КЕҢЕС ПЕН КӨМЕК

ЕЛ ТІЗГІНІН ҚОЛЫНА АЛҒАНЫНА НЕБАРЫ АЙ ЖАРЫМДАЙ ҒАНА УАҚЫТ БОЛҒАН АУДАН БАСШЫСЫ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНА БАСА МӘН БЕРІП КЕЛЕДІ. СЕБЕБІ БІЗДІҢ АУДАН НЕГІЗІНЕН МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫМЕН АЙНАЛЫСАТЫНДЫҚТАН АУДАННЫҢ БАСТЫ КӨРСЕТКІШІ ЕТ, СҮТ ӨНІМДЕРІ. СОНДЫҚТАН БҰЛ САЛАДАҒЫ ҮКІМЕТ ТАРАПЫНАН БЕРІЛЕТІН ҚОЛДАУ-КӨМЕКТЕР ӘР ШАРУА ҮШІН МАҢЫЗДЫ.

Осы орайда өткен сейсенбіде аудан әкімдігінің мәжіліс залында облыстық ауыл шаруашылығы мамандарының тікелей қатысуымен шаруа қожалық төрағаларымен басқосу жиыны өтті. Айтулы сала бойынша облыстан арнайы келген мамандармен таныстырған аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы алдымен аймақта атқарылып жатқан жұмыстармен қатар проблемаға айналған нақты шаруаларды қозғады. Бұған дейін де ауылдық округтерде бірнеше рет болып жүрген ол, қысқы мал азығын дайындау жұмыстарына айрықша тоқталды. Сонымен бірге шаруа қожалық төрағаларына ауыл тұрғындарын қысқы мал азығымен қамтып ғана қоймай, қысқа қосымша шөп қорын дайындауға тапсырма берді. Себебі қазіргі шөп шабу науқаны қызған шақтың өзінде Ш.Берсиев, Көптоғай ауылдық округтерінде қысқы мал азығының тапшылығы байқалады. Сондықтан бұл мәселе күн тәртібінен түспей, апта сайын ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерінде мал азығы село орталығындағы тұрғындардың сұранысы бойынша арнайы шығарылып жүр. Алайда тұрғындардың қысқы мал азығын қамдау жұмыстары мардымсыз. Одан бөлек жиын үстінде ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында көптеген мәселелер қозғалды. Ауыл шаруашылық саласын жеңілдетілген несие беріп, қаржыландыратын қаржы институттары өкілдері мен ауыл шаруашылығы басқармасының өкілдері шаруаларға тікелей түсінік жұмыстарын жүргізді. Тарқатып айтсақ, «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның несие бөлімінің маманы Әсел Есетова, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-ның несие бөлімінің менеджері Гүлмира Күнтуғанова, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның несие бөлімінің жетекші маманы Аман Карим шаруаларға жеңілдетілген несие талаптарын түсіндірсе, Ақтөбе облысы ауыл шаруашылығы басқармасы мал шаруашылығы бөлімінің бас маманы Мереке Бисенбин алынған техникалар мен асыл тұқымды мал басына төленетін субсидия ережелерімен таныстырды. Жиын соңында аудан әкімі Асқар Қазыбаев шаруашылық жүргізіп отырған шаруаларға мемлекет тарапынан жасалынып жатқан қолдауларды алуға белсенді қатысуға және ауданға берілген жоспарды орындау шараларын қабылдауға шақырса, шаруа қожалық төрағалары өздерін мазалаған сұрақтарын қойып, мамандар тарапынан толыққанды жауаптар алды.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕЙМІЗ!

ЕЛІМІЗ АЗАТТЫҚ АЛҒАННАН БЕРІ ЖАҢА ҚОҒАМДА ӨМІР СҮРІП КЕЛЕМІЗ. АЗ ҒАНА УАҚЫТТЫҢ ІШІНДЕ ІСКЕРЛІК ҚАБІЛЕТІМІЗДІ АРТТЫРЫП, ӘЛЕМНІҢ АЛПАУЫТ ЕЛДЕРІНІҢ АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРЫНА ҰМТЫЛУДАМЫЗ. ЖАҢА ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗГІ СИПАТЫ ДА ОСЫ. АЛАЙДА БОЛАШАҚҚА НАҚТЫ БАҒЫТ-БАҒДАРМЕН ҚАДАМ БАСҚАН САЙЫН ТҮБЕГЕЙЛІ ШЕШІМІ ТАБЫЛМАЙ ТҰРҒАН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ – СЫЙБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ.

Жуырда ауданымызға Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша Департаменті басшысы Мирлан Мұхамбетов пен «Ақтөбе – адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің басшысы Мұхтарита Сағындықованың арнайы қатынасуымен, аудан тұрғындарымен кездесу жиыны өтті. Онда сыбайлас жемқорлықтың алдын - алу жұмыстарының тиімділігін арттыру керектігі айтылды. Сонымен бірге жемқорлық фактілері болған жағдайда заңмен жазаланатындығы бейнебаян арқылы көрсетілді. Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлық фактілері көбінесе денсаулық сақтау саласы мен білім беру орындарында белең алып келеді. Елдің даму жолында кері әсерін беретін кеселдің алдын алу үшін бірлесіп жұмыс жасау қажет. Осы бағытта «Ақтөбе - адалдық алаңы» өз жұмысын қарқынды жүргізіп келеді. Айта кетсек, сыбай-лас жемқорлықтың деңгейін өлшейтін халықаралық ұйымдардың мәліметінше еліміз 122 орында тұр. Әйтсе де осы бір қоғам дертінің дендеп кетпеуі үшін азаттықтың ақ таңында ел үшін адал қызмет атқару басты парызымыз.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ.

“ӘЛІППЕ” ҚАЙТА КЕЛЕДІ

”Ұстаздар болсын, ата-аналар болсын көптен әліппе мәселесін көтеріп жүрді. Бұл мәселе өте маңызды. Біз Әліппені қайтару керек деп есептейміз. Ол 2021 жылы, өздеріңізге жақсы таныс, қазақ тіліне бейімделген Ахмет Байтұрсынұлының әдістемесі негізінде енгізілетін болады”, – деді министр тамыз конференциясында.

Министрдің айтуынша, енді ҰБТ форматы да өзгеретін болады. *«Біз Ұлттық бірыңғай тестілеу процедурасын трансформациялауды жоспарлап отырмыз. Осы ретте оқушылардың жүйені алдау жолдарын іздеу фактілерінің орын алып отырғандығын атап өткім келеді. Телефон алып кіріп, өзінің білімі мен дағдысымен емес, басқа да қосымша құрылғылардың көмегімен көбірек балл алуды ойлайды. Бұл ретте біз Ұлттық бірыңғай тест тапсыруды біртіндеп электронды жүйеге көшіруді жоспарлап отырмыз. Мұндай ойымыз бар»*, – деді ол.

«Біз депутаттарға ұсыныс жасап отырмыз. Бүгінде оның тиімділігі төмен»,-деді министр.

Сондай-ақ министрдің айтуынша, егер студент грант алып, оны 2-3 курста оқудан шығарып, осы грантта жұмыс істемеу үшін ақылы болып ауысса, онда грантта оқыған курстары үшін тиісті төлем төлеуі керек.

«ЖАС КӘСІПКЕР» ЖОБАСЫ ЖАСТАРҒА МОЛ МҮМКІНДІК

ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІМІЗ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ БИЫЛҒЫ ЖЫЛДЫ «ЖАСТАР ЖЫЛЫ» ДЕП ЖАРЯИЛАҒАНЫ БАРШАҒА МӘЛІМ. ЕЛІМІЗДЕ ЖАСТАР ЖЫЛЫНА БАЙЛАНЫСТЫ АУҚЫМДЫ ІС-ШАРАЛАР ӨТКІЗІЛУДЕ. СОНМЕН БІРГЕ ҮКІМЕТ ТАРАПЫНАН ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ-КӨМЕКТЕР ЖЕТЕРЛІК.

Ауданымызда «Жас кәсіпкер» жобасы бойынша Ойыл аудандық «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының ұйымдастыруымен 58 жас шағын кәсіп ашу үшін арнайы оқып жатыр. Осында оқитын әр жастың «Бизнес-жоспар» құрып, ұсынып отырған жобасын жан-жақты, нақты қорғау арқылы Үкімет тарапынан берілетін 505 мың теңге қайтарымсыз ақшаны алып кәсібін бастауға толықтай мүмкіндіктері бар. Айта кетсек, аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы шағын кәсіп ашу үшін кәсіби шеберліктерін шыңдап жатқан жастармен арнайы кездесіп, осындай үкімет тарапынан берілетін қолдау-көмектерді игілікті пайдалануға кеңес берді. Оған қоса алдағы уақытта арнайы шәкіртақысы бар қайта даярлау курстарынан өтіп, кәсіби мамандықтарды оқуға шақырды.Ендеше бізде кәсіп ашуға ниетті, ауданның белсенді де, бастамашыл жастарына сәттілік тілейміз!

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

ОБЛЫСТЫҚ ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫНДАҒЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ КҮНІ

Аудан әкімінің тапсырмасы негізінде ауданда ауыл шаруашылығы саласына арналған мемлекеттік бағдарламаларға шаруа қожалықтары мен кәсіпкерлердің қатынасуына ықпал жасау мақсатында аудан әкімінің орынбасары Кенжебаев Асылан Кенжебайұлы «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында ауданда несие алуға ниет білдірген шаруа қожалық төрағалары мен кәсіпкерлерді облыс орталығындағы ауыл шаруашылығын несие беріп қаржыландыратын қаржы институттарына апарып, құжаттарын пысықтауға көмек көрсетті. Нәтижесінде несие алам деген 6 шаруа қожалық төрағасының құжаттары толықтырылып реттелсе, 1 шаруа қожалық төрағасы несие алды.

Тамыз

Бүгін "қырық күн шілденің" соңғы күні. Тамыздың 20-ларында Сүмбіле туады. Сүмбіле туса, су суиды. Сүмбіле - жаздың соңы, күздің басы.

Еркем Тамыз,
жаныңдамын күрсінсең,
Қалған күнім өзіңменен өтсе еді.
Алматыға тұңғыш келіп
тұрсың сен,
Менен бұрын ешкім өпкен жоқ сені.
Мойыл шашы,
Сабау қара кірпігі,
Қандай теңеу тапсам
деймін ботама.
Мені ұйықтатып тұрып кетті ол
бір күні,
Содан қайтып оралған жоқ,
О, тоба!
Қала бей-жай.
Шығып жолдың шетіне,
Кірпідейін жиырыламыз бәріміз.
Опа жағып әжім-әжім бетіне,
Келе жатыр сап-сары күз —
Кәрі қыз.

Есенғали РАУШАН.



БАТЫР АНАЛАРҒА МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘРДЕМАҚЫ ТАҒАЙЫНДАУ
ЕНДІ АВТОМАТТЫ РЕЖИМДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ

Егер бұрын аналар Халыққа қызмет көрсету орталығына барып өтініш жазса, енді осы айдан бастап қызмет алу рәсімі проактивті бола бастады. Басқаша айтқанда, мемлекеттік жәрдемақы аналардың жеке өтінішінсіз тағайындалатын болады.

Алайда, қызметтер мобильді азаматтар базасында тіркелген азаматтарға ғана проактивті түрде көрсетілетінін атап өткен жөн. Ол үшін ЭЦҚ-ға қол қою арқылы ұялы телефонының нөмірін Халыққа қызмет көрсету орталығында немесе egov.kz порталында бір рет тіркеу жеткілікті. Мұндай тіркеуден өтпеген адамдар «бұрынғыдай тәртіппен» қызмет көрсетуге өтініш беруі қажет.

АҚПАРАТТЫҚ ТҮСІНІК ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

Аудан әкімдігі жанындағы ақпараттық түсіндіру тобының мүшелері, аудандық мәслихат хатшысы Еркін Жиеналин, аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Бекболат Иманғалиев Көптоғай ауылдық округінің орталығы мен оған қарасты Амангелді ауылындағы шаруа қожалықтарды аралап, Мемлекет басшысы ұсынған он негізгі басым бағытты түсіндіріп және де жеке сектор бойынша қысқы мал азығын даярлау барысы мен шаруа қожалықтарының қысқы мал азығын сақтандыру қорының жайы, шаруа қожалықтарының қысқы мал азығын ауыл тұрғындарына тиімді бағамен ұсынылуын бағамдап, сонымен қатар әлеуметтік нысандардың жұмысымен танысты.

АДАЛДЫҚ АЛАҢЫ АЯСЫНДА

Мемлекетіміз қарыштап дамыған сайын сыбайлас жемқорлық та қалыспай жаңа сипатта көрініс тауып, жеңішінен жалғасып келеді. Бұл тұрғыда аталған індетпен күресуде елімізде жыл сайын жаңа жүйелер мен түрлі тәжірибелер енгізілуде. Соның бірі «Ақтөбе - адалдық алаңы» жобалық кеңсесі.

Жобалық кеңсенің ұйытқы болуымен аудан бойынша қоғам назарын адалдық пен парасаттылыққа бағдарлау мақсатындағы дәріс тобы құрылып, өз жұмысын бастады. Дәріс тобының құрамындағы аудандық мәслихат хатшысы Еркін Жиеналин, аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Бекболат Иманғалиев Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінде болып, ауыл тұрғындарын адалдық пен парасаттылыққа шақыруға бағытталған ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ДАМЫТУ МЕН ҚОЛДАНУ

ӨТКЕН АПТАДА ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ СОТЫНДА «МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ДАМЫТУ МЕН ҚОЛДАНУ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША СОТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АРАСЫНДА СЕМИНАР САБАҒЫ ӨТКІЗІЛДІ.

Іс-шара барысында мемлекеттік тілді қолданудың мәртебесін арттыру, оны отбасы құндылығы ретінде таныту сияқты мәселелердің маңызды тізбесі проблемалы болып табылатынын, сондай-ақ тіл саласындағы кейбір келеңсіз ақпараттар мен пікірлер де осы проблемалардың қатарынан орын алып отырғанын айтылды.

Сонымен қатар, мемлекеттік тілді дамыту үшін әзірленген «Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» жобасында көзделген барлық іс-шаралар, мемлекеттік тілді, ұлттық бірлікті нығайтудың маңызды факторы ретінде дамытудың басымдығына негізделген және азаматтардың рухани-мәдени және тілдік қажеттіліктерін толыққанды қанағаттандыруға бағытталғандығын түсіндірілді.

Шара соңында қатысушылар пікір алмасып, сұрақтарға толық жауап алды.

Г.ТАНКИЕВА,
Ойыл аудандық сотының
кеңсе меңгерушісі.

МАЛ АЗЫҒЫН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ!

Қазіргі таңда ауданымызда мал азығын дайындау және оны тасымалдау жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Осындай қарбалас кезеңде шаруа қожалықтары мен өрбір мал ұстаушы азамат, мал азығын (шөп) дайындау және дайындалған пішенді баз бастарына және аулаларына тасымалдау ісіне үлкен жауапкершілікпен қарағандары абзал. Олай дейтін себебіміз, мал азығын дайындау кезінде өрт қауіпсіздігінің ережелерімен талаптарын сақтау мәселесіне және жұмысқа жұмылдырылған барлық техникалар өрт қауіпсіздік ережелеріне сәйкестендіріліп, жұмысшыларды өртке қарсы нұсқамадан өткізуге үлкен жауапкершілікпен қарамаса, еңбектің еш кететіндігін айтып жату артық шығар. Оның соңы зор шығын.

Сондықтан, мал азығын дайындау кезінде өрт қауіпсіздігін шараларын қатаң сақтау керек екендігін тұрғындардың есіне саламыз. Атап айтқанда олар мыналар: жұмылдырылатын техникаларды жарақты өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету, ірі жемшөптерді тасымалдауға арналған көлік құралдары екі ұнтақты өрт сөндіргішпен қосымша жабдықтау, агрегатта және оның айналасында темекі тартуға тыйым салу, тракторлар мен автомобильдердің ұшқын сөндіргіштермен және өрт сөндіргіштермен жабдықталуы, электр-газ дәнекерлегішін қолдана отырып, жөндеу жұмыстарын арнаулы орындарда жүргізу, ірі жемшөптерді жинау биіктігі жер деңгейінен 4 метрден аспайтындай етіп жинау, ірі жемшөптерді тасымалдау арнайы жабдықталған көлік құралымен жүзеге асыру қажет, олардың пайдаланылған құбырлары радиатордың астына шығарылады және ұшқын сөндіргіштермен жабдықталады, тұрғын үйлердің қожалық учаскелерінде ірі жемшөптерді жинау ғимараттарға және аула алдындағы құрылыстарға дейін кемінде 15 метр қашықтықта жинау.

Жоғарыда көрсетілген қауіпсіздік шараларын сақтамағандықтан ауданымызда 2018 жылдың тамыз айынан бастап тұрғын секторда қора–жайлар мен мал азығының өртену дерегінің 9 жағдайы тіркелді.

Жылу беру маусымында да өрт оқиғасымен өрттен тараған көмір қышқыл газының улы екендігі айтылып, жазылғанымен өліде болса немқұрайлықпен қараудамыз. Атап айтсақ, 2018-2019 жылдың жылу беру маусымында ауданымызда тұрғын үйлердің өртену дерегінің 5 жағдайы тіркелді. Тұншықтырғыш газбен *(угарный газ)* уланудың 2 жағдайы тіркеліп, 3 ересек адам, 2 бала зардап шекті. Сондықтан, алдымыздағы жылу беру маусымында аталған жағдайларды болдырмаудың мүмкіндіктерін жасап отыруға тиіспіз.

Сондықтан да аудан тұрғындарының назарына жылу беру маусымы алдында орындалуы тиіс талаптарын ұсынамыз:

1. Жылу беру маусымын алдында пештер мен түтіндіктерді күйеден тазарту керек, жылу пештері үш айда бір рет, үздіксіз қозғалыстағы ошақ пен пештер екі айда бір рет, үздіксіз жағылатын ас үй плиталары мен басқа пештер айына бір рет тазартылуы тиіс.

2. Қатты отынмен жұмыс істейтін пештерінде алдына 0,5 х 0,7 м кем болмайтын өлшемдегі металмен қорғалған болуы тиіс.

3. Тұрғын үйлеріңізді бір өрт сөндіргіштермен қамтамасыз етулеріңізді сұраймыз, бұл өрт оқиғасы болған кезде тез әрекет етіп, өртті сөндіруге көмегін береді, сонымен бірге өзіңіздің және туыстарыңыздың қауіпсіздігі үшін тұрғын үйлеріңізде тұншықтырғыш және табиғи газдың шығуын анықтайтын датчиктерді орнату қажет.

Біз жоғарыда мал азығын дауындау кезеңінде және алдымыздағы жылу беру маусымында қарапайым өрт қауіпсіздігі ережесінің талаптарын келтірдік. Сондықтан ауданымыздың өрбір тұрғынына өрттерден түрлі зардаптар келмес үшін, сақтық шараларын орындау кезек күттірмейтін мәселе екендігін ескерткіміз келеді.

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ БЮДЖЕТІ

			006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	2833
10	1	474	007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	1213
			008	Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	10000
10	1	474	010	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	811
			011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	57112
10	6			Жер қатынастары	21511
10		463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	21511
10		463	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16297
10		463	006	Аудандардың, облыстық маңызы бар, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру	5214
10	9			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	12140
		453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	12140
10	9	453	099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	12140
11				Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	15178,2
11	2			Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	15178,2
11	2	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	15178,2
11	2	466	001	Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайла және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	11141
11	2	466	013	Аудан аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	3792
			115	Жергілікті атқарушы органы резервінің қаражаты есебінен соттардың шешімдері бойынша жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін орындау	245,2
12				Көлік және коммуникация	238596
12	1			Автомобиль көлігі	238596
		123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	3514
			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	3514
12	1	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	235082
12	1	458	023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	3318
			045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	700
			051	Көлік инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыру	231064
13				Басқалар	40391,8
13	3			Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	320
		454		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	320
			006	Кәсіпкерлік қызметті қолдау	320
13	9			Басқалар	40071,8
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	20349,8
			012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	7374,8
			026	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	7854
			066	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне мемлекеттік өкімшілік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	5121
		453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджетті жоспарлау бөлімі	15729
			003	Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу	15729
		455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	3993
			040	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	3993
		471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	0
			041	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	0
14	14			Борышқа қызмет көрсету	16
	11			Борышқа қызмет көрсету	16
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	16
			013	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	16
15				Трансферттер	230343,8
15	1			Трансферттер	230343,8
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	230343,8
			006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	883,8
			024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	137500
			038	Субвенциялар	89168
			051	Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер	2792
				III. Таза бюджеттік кредит беру	51487
				Бюджеттік кредиттер	65718
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	65718
10	9			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	65718
10	1	453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	65718
10	1	453	006	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	65718
	5		1	Бюджеттік кредиттерді өтеу	14231
		01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	14231
				Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттерді өтеу	14231
				IV.Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
				Қаржы активтерін сатып алу	0
				V. Бюджет (профициті)тапшылығы	-62518
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру(профицитін пайдалану)	62518
	7		2	Қарыздар түсімдері	65718
		01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	65718
				Қарыз алу келісім-шарттары	65718
16				Қарыздарды өтеу	14231
16	1			Қарыздарды өтеу	14231
16	1	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	14231
16	1	452	008	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	14231
08			1	Бюджет қаражаттарының пайдаланатын қалдықтары	11031
	01			Бюджет қаражаты қалдықтары	11031
				Бюджет қаражатының бос қалдықтары	11031

БЮДЖЕТ УИЛСКОГО РАЙОНА НА 2019 ГОД

			007	Организация отлова и уничтожения бродячих собак и кошек	1213
			008	Возмещение владельцам стоимости изымаемых и уничтожаемых больных животных, продуктов и сырья животного происхождения	10000
			010	Проведение мероприятий по идентификации сельскохозяйственных животных	811
			011	Проведение противоэпизоотических мероприятий	57112
	6			Земельные отношения	21511
		463		Отдел земельных отношений района (города областного значения)	21511
			001	Услуги по реализации государственной политики в области регулирования земельных отношений на территории района (города областного значения)	16297
			006	Землеустройство, проводимое при установлении границ районов, городов областного значения, районного значения, сельских округов, поселков, сел	5214
	9			Прочие услуги в области сельского, водного, лесного, рыбного хозяйства, охраны окружающей среды и земельных отношений	12140
		453		Отдел экономики и бюджетного планирования района (города областного значения)	12140
			099	Реализация мер по оказанию социальной поддержки специалистов	12140
11				Промышленность, архитектурная, градостроительная и строительная деятельность	15178,2
	2			Архитектурная, градостроительная и строительная деятельность	15178,2
		466		Отдел архитектуры, градостроительства и строительства района (города областного значения)	15178,2
			001	Услуги по реализации государственной политики в области строительства, улучшения архитектурного облика городов, районов и населенных пунктов области и обеспечению рационального и эффективного градостроительного освоения территории района (города областного значения)	11141
			013	Разработка схем градостроительного развития территории района, генеральных планов городов районного (областного) значения, поселков и иных сельских населенных пунктов	3792
			115	Выполнение обязательств местных исполнительных органов по решениям судов за счет средств резерва местного исполнительного органа	245,2
12				Транспорт и коммуникации	238596
	1			Автомобильный транспорт	238596
		123		Аппарат акима района в городе, города районного значения, поселка, села, сельского округа	3514
			013	Обеспечение функционирования автомобильных дорог в городах районного значения, поселках, селах, сельских округах	3514
		458		Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог района (города областного значения)	235082
			023	Обеспечение функционирования автомобильных дорог	3318
			045	Капитальный и средний ремонт автомобильных дорог районного значения и улиц населенных пунктов	700
			051	Реализация приоритетных проектов транспортной инфраструктуры	231064
13				Прочие	40391,8
	3			Поддержка предпринимательской деятельности и защита конкуренции	320
		454		Отдел предпринимательства и сельского хозяйства района (города областного значения)	320
			006	Поддержка предпринимательской деятельности	320
	9			Прочие	40071,8
		452		Отдел финансов района (города областного значения)	20349,2
			012	Резерв местного исполнительного органа района (города областного значения)	7374,8
			026	Целевые текущие трансферты бюджетам города районного значения, села, поселка, сельского округа на повышение заработной платы отдельных категорий гражданских служащих, работников организаций, содержащихся за счет средств государственного бюджета, работников казенных предприятий	7854
			066	Целевые текущие трансферты бюджетам города районного значения, села, поселка, сельского округа на повышение заработной платы отдельных категорий административных государственных служащих	5121
		453		Отдел экономики и бюджетного планирования района (города областного значения)	15729
			003	Разработка или корректировка, а также проведение необходимых экспертиз технико-экономических обоснований местных бюджетных инвестиционных проектов и конкурсных документаций проектов государственно-частного партнерства, концессионных проектов, консультативное сопровождение проектов государственно-частного партнерства и концессионных проектов	15729
		455		Отдел культуры и развития языков района (города областного значения)	399
			040	Реализация мер по содействию экономическому развитию регионов в рамках Программы развития регионов до 2020 года	3993
		471		Отдел образования, физической культуры и спорта района (города областного значения)	0
			041	Реализация мер по содействию экономическому развитию регионов в рамках Программы развития регионов до 2020 года	0
14				Обслуживание долга	16
	1			Обслуживание долга	16
		452		Отдел финансов района (города областного значения)	16
			013	Обслуживание долга местных исполнительных органов по выплате вознаграждений и иных платежей по займам из областного бюджета	16
15				Трансферты	230343,8
	1			Трансферты	230343,8
		452		Отдел финансов района (города областного значения)	230343,8
			006	Возврат неиспользованных (недоиспользованных) целевых трансфертов	883,8
			024	Целевые текущие трансферты из нижестоящего бюджета на компенсацию потерь вышестоящего бюджета в связи с изменением законодательства	137500
			038	Субвенции	89168
			051	Трансферты органам местного самоуправления	2792
				III. Чистое бюджетное кредитование	51487
				Бюджетные кредиты	65718
10				Сельское, водное, лесное, рыбное хозяйство, особо охраняемые природные территории, охрана окружающей среды и животного мира, земельные отношения	65718
10	9			Прочие услуги в области сельского, водного, лесного, рыбного хозяйства, охраны окружающей среды и земельных отношений	65718
10	1	453		Отдел экономики и бюджетного планирования района (города областного значения)	65718
10	1	453	006	Бюджетные кредиты для реализации мер социальной поддержки специалистов	65718
	5		1	Погашение бюджетных кредитов	14231
		01		Погашение бюджетных кредитов	14231
				Погашение бюджетных кредитов, выданных из государственного бюджета	14231
				IV. Сальдо по операциям с финансовыми активами	0
				Приобретение финансовых активов	0
				V. Дефицит бюджета	-62518
				VI. Финансирование дефицита бюджета	62518
		7	2	Поступление займа	65718
		01		Внутренние государственные займы	65718
				Договора займа	65718
	16			Погашение займов	14231
		1		Погашение займов	14231
			452	Отдел финансов района (города областного значения)	14231
			008	Погашение долга местного исполнительного органа перед вышестоящим бюджетом	14231
	08		1	Используемые остатки бюджетных средств	11031
		01		Остатки бюджетных средств	11031
				Свободные остатки бюджетных средств	11031

Сұрақ - Жауап

Сұрақ: *Менің жалақы мөлшерім аса көп емес, демек БЖЗҚ-ға зейнетақы жарналарын төлемеуіме болады ма?*

Жауап: *Жоқ. ҚР барлық азаматтары ай сайынғы зейнетақы жарналарын төлеп, жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысуға міндетті. Зейнетақы жарналарының жиілігі жинақ көлеміне ғана байланысты емес, сонымен қатар жинақтаушы зейнетақы жүйесіндегі өтілге де байланысты. Жүйедегі өтіл базалық зейнетақыға тікелей әсер етеді. Зейнетке шығуға әлі уақыт бар болса да, банктерден несие алған кезде ай сайынғы зейнетақы жарналары маңызды көрсеткіш болып табылады. Бұл сіз үшін жүйеге белсенді қатысудың тағы бір ынталандырушы көрінісі.*

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының 24 бабында тек белгілі санаттағы тұлғалардың бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын төлеуден босатылатыны туралы жазылған:

1) Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа толған жеке тұлғалар (еркектер 63 жасқа толғанда, әйелдер 58 жасқа толған кезде. 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап – әйелдер 58,5 жасқа толғанда, одан әрі жыл сайын жарты жылға ұлғайып, 2027 жылдың 1 қаңтарынан бастап - 63 жасқа толғанда);

2) егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар жеке тұлғалар босатылады. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын төлеу осы тармақшада көрсетілген адамдардың өтініші бойынша жүзеге асырылады;

3) әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері, сондай-ақ, арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап жойылған адамдар;

4) еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушылар;

5) салық агенттері болып табылмайтын жеке тұлғалармен жасалған, нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кірістер алатын, еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін жеке тұлғалар босатылады.

Бұл тізімге кірмейтіндердің барлығы зейнетақы жарналарын міндетті түрде төлейді, сол арқылы өзінің жеке зейнетақы капиталын қалыптастырады.

Вопрос – Ответ

Вопрос: *У меня не очень большая зарплата, могу ли я не уплачивать пенсионные взносы в ЕНПФ?*

Ответ: *Нет, не можете. Все граждане РК обязаны участвовать в накопительной пенсионной системе, делая ежемесячные пенсионные отчисления. Ведь от регулярности пенсионных взносов зависит не только объем накоплений, но засчитывается и стаж участия в накопительной пенсионной системе, от которого, в свою очередь, зависит размер базовой пенсии. Даже если до пенсии еще далеко, то пенсионные отчисления являются важным показателем для банков при выдаче кредитов – это еще одна мотивация для активного участия в пенсионной системе.*

В статье 24 Закона Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан», указано, что от уплаты обязательных пенсионных взносов в единый накопительный пенсионный фонд освобождаются только определенные категории лиц:

1) физические лица, достигшие пенсионного возраста в соответствии с пунктом 1 статьи 11 Закона (т.е. мужчины при достижении 63 лет, женщины при достижении 58 лет. Начиная

с 1 января 2018 года – женщины по достижении 58,5 лет, далее ежегодно увеличиваясь на полгода, и с 1 января 2027 года - по достижении 63 лет);

2) физические лица, имеющие инвалидность первой и второй групп, если инвалидность установлена бессрочно. Уплата обязательных пенсионных взносов в единый накопительный пенсионный фонд осуществляется по заявлению данных лиц;

3) военнослужащие (кроме военнослужащих срочной службы), сотрудники специальных государственных и правоохранительных органов, государственной фельдъегерской службы, а также лица, права которых иметь специальные звания, классные чины и носить форменную одежду упразднены с 1 января 2012 года;

4) получатели пенсионных выплат за выслугу лет;

5) физические лица, работающие по трудовому договору, получающие доходы по договорам гражданско-правового характера, предметом которых является выполнение работ (оказание услуг), заключенным с физическими лицами, не являющимися налоговыми агентами.

Все, кто не входит в этот список, уплачивают пенсионные взносы в обязательном порядке, формируя тем самым свой личный пенсионный капитал.

ЖАЛҒАСЫН ТАПҚАН ЖАҚСЫ ІС

Мейірімділік-әлемді құтқарады деп халқымыз текке айтпаса керек. Өйткені, ғаламдағы барлық нәрсе мейіріммен жаратылған. Міне, осы сырды жақсы түсінген ата-бабаларымыз табаны тиген барлық жерде мейірімділіктің түтінін түтетті. Жоққа көмектесті, әлсізді демеді, жомарттығымен, даналығымен ұрпаққа үлгі бола білді. Қазірде ата-баба қанымен келген қасиетті жалғастырушылар көптеп кездеседі. Мейірімді болсаңыз ғана мейірімге бөленесіз. Аталмыш шараның мақсаты да мейірімділікті насихаттау, көмек қажет ететін балаларға қолдау көрсету. Жыл сайынғы дәстүрлі түрде өтіп келе жатқан Республикалық «Мектепке жол» акциясы биылда Құрман орта мектебінде өз жалғасын тапты.

Акция өткізу үшін мектеп директоры арнайы комиссия құрып комиссия мүшелерінің ұйымдастыруымен жоспар жасалып, жоспар шеңберінде іс-шаралар өтіп жатыр. Акцияның мақсат-міндеттерімен ақпараттандыру мақсатында мектеп дәлізіне стенд жасақталды. Комиссия мүшелері «Жүректен жүрекке» айдарымен ауыл кәсіпкерлеріне үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Мемлекеттік мекемелер мен кәсіпкерлерге ашық хаттар жолданды. Нәтижесінде ауыл кәсіпкерлері Әлібек Өмірғалиев, Тілек Әміров, Ербол Мүсіров көмек қолдарын созды. Мемлекеттік мекемелерден Көптоғай ауылдық округінің ұжымы, «Айгөлек» балабақшасының ұжымы да жылдағы дәстүрден жаңылмай қолдау көрсетті. Құрман дәрігерлік амбулаториясының бас дәрігері София Сағиева да осы акцияның белсенді демеушісі. Қай уақытта да жақсылық пен жаңалықтың жаршысы боп жүретін ұстаздар Н. Таушанова, Б.Аманбаева, Г.Тлеубаева, Ә.Мысағалиева, М.Сүндетова, Р.Базарова, А.Қыстаубаева, М.Нұрмағанбетова, А.Орынғалиева, Р.Ниязова, Э.Калдығұлова, А.Мединаева, А.Жақсыбаева, Л.Ниязова сынды мұғалімдер өз үлестерін қосты.

Нәтижесінде 13 оқушыға 87 000 теңгенің заттай көмегі ұсынылды. Бұл шара арқылы жас ұрпақтың бойында жақсылық жасау қасиеттерін оятып қана қойған жоқпыз, аталмыш акцияға аз да болса өз үлесімізді қостық, көмек қажет ететін оқушыларға қолдау көрсеттік.

Эльмира ҚАЛДЫҒҰЛОВА,
Құрман орта мектебінің
әлеуметтік педагогы.

БІРЫҢҒАЙ ЖИЫНТЫҚ ТӨЛЕМ - ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

2019 жылдың басынан бастап Қазақстан заңнамасында жаңа жаңалық - Бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) енгізілді. Оны енгізудің басты себебі – бейресми жұмыспен қамтылған тұлғалардың қызметін тіркеуді жеңілдету.

Бүгінгі күні бұл төлем 4 міндетті төлемді бір реттік төлеммен алмастырады. Олар:

- жеке табыс салығы;
- БЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарнасы;
- мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік аударым (МӘСҚ);
- әлеуметтік медициналық сақтандыру Қорына әлеуметтік жарна (ӘМСҚ).

БЖТ төлеушілер - кәсіпкерлік қызметті жеке кәсіпкер ретінде тіркеусіз жүзеге асыратын, бір уақытта келесі шарттарға жауап беретін тұлғалар: бірыңғай жиынтық төлемді төлеген; жалданған қызметкердің еңбегін пайдаланбайтын, салық агенттері болып табылмайтын жеке тұлғаларға қызмет көрсететін және акцизделетін тауарларды қоспағанда, өздері өндіретін жеке қосалқы шаруашылықтардың ауылшаруашылық өнімдерін сатумен айналысатын тұлғалар болып табылады.

Сауда және ойын-сауық орталықтарының (СОО) аумағында қызмет атқаратын (белгілі жұмыстарды орындайтын) жеке тұлғалар; жеке практикамен айналысатын адамдар, тұрғын емес үй-жайларды жалға берушілер, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеуден өткен азаматтар, сондай-ақ, оралмандарды қоспағанда, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар БЖТ төлеушілер ретінде есептелмейді.

Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес БЖТ төлеушілері болып табылатын жеке тұлғалар үшін БЖЗҚ-ға өз пайдасына төлеуге жататын, міндетті зейнетақы жарналары 2019 жылы төмендегідей:

- республикалық және облыстық маңызға ие қалаларда, Астанада – 2525 теңге
- өзге елді-мекендерде – 1262 теңге.

Төлем жасаушыларға бұл соманы өз бетімен 4 төлемге бөлудің қажеті жоқ, ол бюджетке түскеннен кейін тағайындалуы бойынша автоматты түрде бөлінеді.

Бірыңғай жиынтық төлем сомасы «Азаматтарға арналған үкімет» МК КЕ АҚ-мен келесі шамаларға бөлінеді:

10% - жеке табыс салығы (ЖТС);

20% – әлеуметтік аударымдар (ӘА);

30% – міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ);

40% – міндетті медициналық сақтандыруға аударымдар (ММСА).

Бірыңғай жиынтық төлемнің мөлшері алынған табыстың мөлшеріне тәуелді емес және қосымша есептеулерді (кірістер, шығыстар, шегерімдер, пайда) талап етпейді.

Табыс алынған әр ай үшін бірыңғай жиынтық төлемді төлеу қажет.

Бірыңғай жиынтық төлем режиміне түсетін азаматтардың барлық төлемдерді жеңілдетілген шарттарда төлеуге және әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне қатысуға мүмкіндіктері бар. Сондай-ақ, БЖТ артықшылықтарына міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қатысу және сомасы мен түрлері бойынша шектеусіз медициналық қызметтерге қол жеткізу, ММСА енгізілгеннен кейін медициналық мекемені таңдау құқығына ие болу жатады. Жүйеге қатысушының сондай-ақ, еңбек ету қабілетінен, жұмысынан, асыраушысынан айырылған, жүктілік пен босану, бала асырап алған, бала күтімі жағдайында да әлеуметтік төлемдерді алуға құқығы бар.

БЖТ төлеушілері болып табылатын қазақстандықтар үшін жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу арқылы жүйеге қатысу өтіліне байланысты базалық зейнетақы төлемін алу басты артықшылықтардың бірі болып табылады. БЖЗҚ-да өзінің зейнетақы жинақтарын толықтырудан басқа БЖТ төлеушілері үшін енді зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне байланысты базалық зейнетақы төлемін алу мүмкіндігі пайда болды.

Осылайша төлемнің осы түрі енгізілген күннен бастап өткен бірінші жартыжылдықта 121 977 жеке тұлға БЖТ арқылы БЖЗҚ-ға жалпы сомасы 112 млн теңге көлемінде міндетті зейнетақы жарналарын төледі.

Бірыңғай жиынтық төлемнің тағы бір артықшылығы мемлекет кепілдік берген әлеуметтік көмек түріндегі минималды жәрдемақыға айтарлықтай қаржылық өсімнің қосылуы, сонымен қатар азаматтардың табысын растау арқылы несиені төлеу қабілеттілігінің жоғарылауы болып табылады. Яғни, БЖТ-ні төлеуші енді тұрақты төлемдер арқылы төлем қабілеттілігін растап, банктен ресми түрде несие ала алады.

БЖТ екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жалпы сомамен төленуге жатады (мысалы, «Қазпошта» АҚ арқылы). Төлемді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының банктік шотына аудару керек. Бұдан әрі Мемлекеттік корпорация төлемді жеке табыс салығы (ЖТС) және әлеуметтік төлемдер түріндегі төлемдерге бөледі, содан кейін ЖТС аймақ бюджетіне, ал әлеуметтік төлемдерді БЖЗҚ, ӘСМҚ және ММСА аударады.

БЖТ төлеушілер салық есептілігін ұсынбайды. Қызметтің басталуын тіркеу (хабарлау) және қызметті тоқтата тұру (тоқтату) туралы өтініш талап етілмейді. Жеке тұлға төлем жүргізген күннен бастап бірыңғай жиынтық төлемді төлеуші болып есептеледі. Егер жеке тұлға төлемді тоқтатса, онда ол БЖТ-ның төлемшісі болып есептелмейді.

ЕДИНЫЙ СОВОКУПНЫЙ ПЛАТЕЖ - ИТОГИ ПОЛУГОДИЯ

С начала 2019 год в казахстанском законодательстве было введено новшество - Единый совокупный платеж (ЕСП). Главная причина его введения – это упрощение регистрации деятельности неформально занятых лиц.

Сегодня данный платеж заменяет собой 4 обязательных платежа в один разовый:

- индивидуальный подоходный налог;
- обязательный пенсионный взнос в ЕНПФ;
- обязательное социальное отчисление в Государственный фонд социального страхования (ГФСС);
- социальный взнос в Фонд социального медицинского страхования (ФОМС).

Плательщики ЕСП – это физлица, осуществляющие предпринимательскую деятельность без регистрации в качестве индивидуального предпринимателя, которые одновременно соответствуют следующим условиям: уплатили единый совокупный платеж; не используют труд наемного работника, оказывают услуги только физлицам, которые не являются налоговыми агентами и (или) реализуют только физлицам, не являющимся налоговыми агентами, сельскохозяйственную продукцию личного подсобного хозяйства собственного производства, за исключением подакцизной продукции.

Не признаются в качестве плательщиков ЕСП физлица, оказывающие услуги (выполняющие работы) на территории торгово-развлекательных центров (ТРЦ); лица, занимающиеся частной практикой, арендодатели нежилых помещений, лица, имеющие государственную регистрацию в качестве индивидуального предпринимателя, а также иностранцы и лица без гражданства, за исключением оралманов.

Для физических лиц, являющихся плательщиками ЕСП в соответствии со статьей 774 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс), обязательные пенсионные взносы в свою пользу, подлежащие уплате в ЕНПФ, составляют в 2019 году:

- в городах республиканского и областного значения, столице - 2525 тенге
- в других населенных пунктах - 1262 тенге.

Плательщикам самостоятельно делить на 4 платежа эту сумму не нужно, после поступления в бюджет, она распределяется по назначениям автоматически.

Сумма единого совокупного платежа распределяется НАО ГК «Правительство для граждан» в следующей пропорции:

10% – индивидуальный подоходный налог (ИПН);

20% – социальные отчисления (СО);

30% – обязательные пенсионный взносы (ОПВ);

40% – отчисления на обязательное медицинское страхование (ОСМС).

Сумма единого совокупного платежа не зависит от размера полученного дохода и не требует дополнительных расчетов (доходы, расходы, вычеты, прибыль).

Уплачивать единый совокупный платеж необходимо отдельно за каждый месяц, в котором был получен доход.

Граждане, подпадающие под режим ЕСП, имеют возможность на облегченных условиях платить все платежи и участвовать в системах социального обеспечения. Также к плюсам единого совокупного платежа можно отнести и участие в системе обязательного социального медицинского страхования и получение доступа к медицинским услугам, неограниченным по сумме и видам, с правом выбора медицинского учреждения после введения ОСМС. Участник системы также имеет право на получение социальных выплат в случаях утраты трудоспособности, потери работы, потери кормильца, беременности и родов, усыновления или удочерения ребенка, ухода за ребенком.

Одним из главных плюсов для казахстанцев, являющихся плательщиками ЕСП, стало участие в накопительной пенсионной системе и получение базовой пенсионной выплаты в зависимости от стажа участия в системе. Кроме пополнения своих пенсионных накоплений в ЕНПФ, для плательщиков ЕСП теперь появилась возможность получать базовую пенсионную выплату в зависимости от стажа участия в пенсионной системе.

Так за первое полугодие, прошедшее со дня введения данного вида платежа,

121 977 физических лиц внесли обязательные пенсионные взносы в ЕНПФ путем уплаты ЕСП на общую сумму 112 млн тенге.

Еще одним плюсом ЕСП стала существенная финансовая прибавка к минимально гарантированной государством социальной помощи в виде пособий, а также тот факт, что за счет подтверждения своего дохода, повысилась потенциальная кредитоспособность граждан. То есть теперь плательщик ЕСП официально может получать кредит в банке, подтвердив свою платежеспособность регулярными взносами.

ЕСП подлежит уплате общей суммой через банки второго уровня или организации, осуществляющие отдельные виды банковских операций (например, через АО «Казпочта»). Платеж следует перевести на банковский счет Государственной корпорации «Правительство для граждан». Далее Госкорпорация распределяет платеж в виде индивидуального подоходного налога (ИПН) и социальных платежей, затем перечисляет ИПН в бюджет региона, а социальные платежи в ЕНПФ, ГФСС и ФОМС.

Плательщиками ЕСП налоговая отчетность не предоставляется. Регистрация (уведомление) начала деятельности и заявление о приостановлении (прекращении) деятельности не требуются. Физлицо признается плательщиком ЕСП со дня, в котором произведена его уплата. Прекращение уплаты означает, что физическое лицо больше не является плательщиком ЕСП.

АЛГОРИТМДІ ЖЕҢІЛДЕТУ-УАҚЫТТЫ ҮНЕМДЕУ

«БЖЗҚ» АҚ қызмет көрсетуді одан әрі жетілдіруде. Енді Қор сайтында негізгі төлем түрлері бойынша ұсынылатын құжаттарды алдын ала тексеруге болады.

enpf.kz сайтында «Электрондық қызметтер» бөлімінде салымшылар мен төлем алушыларға ыңғайлы болу үшін қажетті құжаттарды пошта байланысы арқылы Қорға ұсынылуы мүмкін төлем түрлеріне сәйкестігін тексеру мүмкіндігі бар.

Сайтта құжаттарды тексеру қызметін келесі тұлғалар ала алады:

- ерікті зейнетақы жарналары есебінен БЖЗҚ зейнетақы төлемдеріне құқығы барлар;
- мерзімсіз уақытқа тағайындалған 1,2 топтардағы мүгедектігі барлар;
- Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға қоныс аударғандар;
- қайтыс болған салымшы / алушының зейнетақы жинақтарының мұрагерлері.

Құжаттарды алдын ала онлайн-тексеру «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына ХҚО арқылы жасына байланысты төлемдерді алуға құжаттарды ұсынған кезде және жерлеуге төлемдер алу кезінде жүзеге асырылмайды, себебі мұндай құжаттар Қорға жеке жүгінген кезде беріледі.

Құжаттарды алдын-ала тексеру үшін бірнеше қарапайым қадамды орындау керек:

- сканерді баптау;
- форматы - А4 қағазын пайдалану;
- құжаттарды jpg/tif форматында сканерлеу және сақтау;
- көп парақты құжаттар бір файлда сақталуы тиіс;
- түсі бойынша сканерлеген кезде, суреттің сапасы 300 dpi форматында қолданылуы тиіс, себебі бұл формат құжаттардың анықтығы мен оқылуын қамтамасыз етеді.

Ұсынылатын құжаттар келесі шарттарға сәйкес келуі керек:

- зейнетақы төлемдерінің түрі бойынша, сканерленген құжаттардың толық пакеті зейнетақы төлемдерінің түріне және оларды БЖЗҚ-ға ұсыну әдісіне байланысты құжаттардың тізбесіне сәйкес ұсынылуы тиіс;
- зейнетақы төлемдерінің түрлері бойынша барлық құжаттарды түрлі түсті сканерлеу қажет (құжаттың түпнұсқасы талап етілген жағдайда құжаттың түпнұсқасын сканерлеу қажет, бұл ретте-шетелдік паспорттың/азаматтығы жоқ адамның куәлігінің/Қазақстан Республикасы азаматының паспортының түпнұсқасынан белгілері бар сканерленген беттерді ұсынуға жол беріледі);
- түрлі түсті сканерленген өрбір көшірменің өлшемі 2 МБ-тан аспауы тиіс.

Зейнетақылық төлем түріне және БЖЗҚ-ға өтініш беру әдісіне байланысты құжаттар тізімі «Алушыларға қызметтер» бөлімінде қолжетімді.

Бұл қызметті алу үшін сіз https://www.enpf.kz/ru/elektronnye-servisy/checkdoc.php сілтемесіне өтуіңіз керек.

Аталған қызмет түрі уақытты үнемдейді және барлық қажетті құжаттарды түзетуге/толықтыруға мүмкіндік беріп, қойылған талаптарға сай болуға септігін тигізеді.

УПРОЩЕНИЕ АЛГОРИТМА - ЭКОНОМИЯ ВРЕМЕНИ

АО «ЕНПФ» продолжает совершенствовать предоставление услуг. Теперь на сайте можно предварительно проверить предоставляемые документы по основным видам выплат в Фонде.

Для удобства вкладчиков и получателей выплат на сайте **enpf.kz** в разделе «Электронные сервисы» доступна функция, при помощи которой проверяется соответствие требуемых документов на виды выплат, которые возможно предоставить в Фонд посредством почтовой связи.

Услугу проверки документов на сайте могут получить следующие лица:

- имеющие право на пенсионные выплаты из ЕНПФ за счет добровольных пенсионных взносов;
- имеющие инвалидность 1,2 группы, если инвалидность установлена бессрочно;
- выехавшие на постоянное место жительства за пределы Республики Казахстан;
- наследники пенсионных накоплений умершего вкладчика/получателя.

Предварительная онлайн-проверка не может быть осуществлена при предоставлении документов на получение выплат по возрасту, которые подаются в Государственную корпорацию «Правительство для граждан» через ЦОНы, а также для получения выплат на погребение, поскольку такие документы предоставляются при личном обращении в Фонд.

Для предварительной проверки документов необходимо выполнить несколько простых действий:

- настроить сканер;
- использовать формат бумаги – А4;
- сканировать и сохранять документы в формате jpg/tif ;
- многостраничные документы должны быть сохранены в одном файле;
- при режиме сканирования в цвете качество изображения применить формат 300 dpi, обеспечивающий четкость и читабельность документов.

Предоставляемые документы должны удовлетворять следующим условиям:

- по виду пенсионной выплаты должен быть предоставлен полный пакет сканированных документов согласно перечню документов в зависимости от вида пенсионной выплаты и способа их предоставления в ЕНПФ;
- все документы в разрезе видов пенсионных выплат необходимо сканировать в цвете (при требовании оригинала документа необходимо сканировать оригинал документа, при этом - допускается предоставление сканированных страниц с оригинала заграничного паспорта/удостоверения лица без гражданства/паспорта гражданина Республики Казахстан, на которых имеются отметки);
- размер каждой сканированной копии в цвете должен быть не более 2 МБ.

Перечень документов в зависимости от вида пенсионной выплаты и способа обращения в ЕНПФ размещен в разделе «Услуги Получателям».

Для получения данной услуги необходимо пройти по ссылке https://www.enpf.kz/ru/elektronnye-servisy/checkdoc.php

Это сэкономит время и поможет исправить/дополнить все необходимые документы и привести их в соответствие с требованиями.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1621 дана. Тапсырыс №1026
Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

ҚАНАТБАЙ ЕЛЕУСІЗҰЛЫ – АТ ҮСТІНДЕ ЖҮРСЕ ДЕ, ҚОЛЫНАН ҚАЛАМЫН ТАСТАМАЙ, КЕЙІНГІ ТОЛҚЫНҒА ТАҒЫЛЫМДЫ ІЗ САЛДЫ. БІРНЕШЕ КІТАП ЖАЗЫП, ҰЛТ АЗАТТЫҒЫ ЖОЛЫНДА КҮРЕСКЕН БАТЫРЛАР БЕЙНЕСІН ҮРПАҒЫНЫҢ ЖАДЫНДА ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТСА, ПЕКИНДЕ ОҚЫП ЖАТҚАН ҰЛЫНА ЖАЗҒАН ХАТЫ ӘКЕЛІК ТӘРБИЕНІҢ КҮӘСІ. БҮГІН БІЗДІҢ ҚОЛЫМЫЗҒА «АНА ТІЛЕГІ» АТТЫ ЭССЕСІ ТҮСТІ. БҰЛ ЕҢБЕКТЕН БІР ҒАНА ОТБАСЫНДАҒЫ АНАНЫҢ БАЛАҒА ДЕГЕН МАХАББАТЫ МЕН МЕЙІРІМІ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚТЫҢ АНАЛАРЫНЫҢ БЕЙНЕСІН КӨРУГЕ БОЛАДЫ.

АНА ТІЛЕГІ

(Эссе)

Үстінен бір-бірінің арыз жазып.
Сен жоқсың ішінде
ондай отырыстың
Не екенін түсінбеуші ең қоқым
істің.
Қайтейін құдайға да керек болдың
О, менің өріп білмес Оқымыстым!,

деп анаға деген мейрімін жүрекке жеткізе жырлаған. Әріп білмесе де тоқуы көп, ұлттың салт-дәстүрін сақтаумен өскен олардың бойында анаға тән асыл қасиеттер ұйып орныққан.

Менің де анам осындай әріп білмейтіндерден болатын. Әріп білмесе де иманы көміл, пейілі кең, ниеті түзу, жарқын жүзді осындай анадан туғаным Жаратқанның маған болғай, анашым!

Анам марқұм ақжарқын, адам жатырқамайтын аққөңіл кісі еді. Тез ашуланып, тез қайтатын дауылды мінезі де болатын. Қапелімде жауар бұлттай шүйіліп, нөсер жауыннан кейінгі шайдай ашылған аспандай болып, жадырап сала беретін. Шәйі орамалдай жүзінен жылылық есетін. Бойы кішірек, шашы қап-қара төгіліп белінен төмен түсетін. Маңдайынан жарып, екіге бөліп өріп қоятын. Қайратты, кез келген істің шешімін тапқыш көкірегінде билігі бар адам еді, жарықтық. Аса шебер болмағанымен қазақы тұрмысқа қажетті киіз үйдің арқан-бауларын есіп, ши-құрларын өзі тоқып, жүн түтіп, жіп иіріп, алаша тоқып, оюлап сырмақ басып, көрпе-төсектерді, тері илеп, мес-торсықтарды да өзі жасап ала беретін. Қазақ әйеліне не істеу керек болса, түгел қолынан келетін. Әйелге ғана емес ер-азаматқа тән істі де қара нардай көтеретін. Тіршіліктегі өсек-аяң мен қулық-сұмдықтан аулақ жүретін, беталды үй аралап өңгіме айтпайтын.

Анам қонақжай, қолы ашық, берекелі дастарханды болды. Дастарханнан жетім қалып, әкеммен бірге туған Әбіл деген атамның жесірі, яғни Мерует әжемнің қамқорлығында өтті. Әжем аса сабырлы, жылы жүзді, кең пейілді, балажан адам еді. Әжемнің мейірлі жүрегі мен аялы алақанының лебі туған ана жүрегінен, аялы алақанынан кем болды деп айта алмаймын. Меруттей әженің шуақты тәрбиесі болмағанда осындай күйге жетер ме едім, жетпес пе едім, кім біліпті. Алайда бала болып ойнайтындай, қыз болып желбірейтіндей күй менің басымда болған жоқ. Менің деймін-ау, менің замандастарымның да басында болған жоқ. Себебі біздер ес біле бастаған кездердегі ел басына төнген қара бұлт аштық, құғын-сүргін, аумалы-төкпелі заман елдің есін алды. Бұл халықтың бастан өткізген қиын-қыстау уақыттарының бір белгісіндей болып, қазір қасіретті шежіреге айналды. Осының өзі адамды жастайынан өмірмен бетпе-бет келгенде, өз бетіңше шешім қабылдап, өз отбасыңды қызғыштай қорғап, сақтап қалуға итермелейтін тәрізді. Сенің ниетің анаңның жастық шағын білу болса, өмірімнің ұмытылмастай есте қалған жалғаны жоқ кездерінен өңгімелейін. Мен тіршілікте адамдардың қиянаты мен қысастықтарын көп көрген адаммын. Алайда Алла жаққан шырақты адам үрлеп сөндіре алмайтынына көзім жетті. Мені інім Сәмет туатын жылы, ұмытпасам, 1935 жыл болуы керек, 18 жасымда іргелес отырған Қазыбай мен Жақайым ауылдарының ақсақалдары өзара келісіп, баталасып, Шалқар қаласының шығыс жақ бетіндегі «Қозақ» деп аталатын бұйра құмның бойындағы «Қожаберген» атаның қыстауында отырған ауылға келін қылып түсірді. Бұл кезде әкең 25 жасқа жаңа толған екен. Әкең сұңғақ бойлы, қапсағай денелі, жылы жүзді, ақ құба өңді, салмақты мінезді келген әдемі жігіт болатын. Мен де жер қарап қалған адам емес едім. Қою қара шашым балтырыма түсетін, нұрлы жүзді, қара көзді, бүйрек бет, пісте мұрын, жазық маңдайлы қыз едім.

Жұбайлық өмірімнің алғашқы жылдары жақсы өтті деп жалған айта алмаймын. Мен келін болып түскеннен кейін үкіметтің жау жоқ жерден жау іздеген саясаты күшейіп, тек бірді-екілі ауыл-аймақты шарпып қоймай, қоғам өмірінің барлық саласын қамтыды. Зобалаңнан бірде-бір елді мекен, бірде-бір отбасы аман қалмағанын бүкіл ел біледі. Бейнеті көп, зейнеті жоқ күштеп ұйымдастырылған серіктестік, артель, колхоз дегендерді құруға қатыстық. Бұл қу өмір сөйтіп тарихтың қанмен таңбаланған беттеріне айналды. Сүттің бетіндегі қаймақтай болған елдің бір туар асылдарын халық жауы деп ұстап, ату жазасына ұйғарған. Тіпті күн көріс жағдайының өте нашар болуына байланысты өз малын өзі сойып жеген немесе бір уыс бидай, не бір құшақ қалдық ағашты оттың тамызығына алған адамдар «халық жауы» ретінде ұсталып, ату жазасына кесіліп, немесе еңбекпен түзету лагерлеріне жіберілді. Олардың артында қалған отбасы мүшелері қудалауға ұшырады. Тыныш отырған отбасы мүшелерін бір-біріне айдап салып, тіпті әке мен баланы шатыстырып, қолдан қылмыскерлер жасады. Жазықсыз өмірдің қатыгездігінен бейхабар сәбилерді халық жауларының балалары деп «Балалар үйіне» тапсырды. Адам айтса нанғысыз зұлмат заман болды ғой, құлыным.

Бұл дауылдан қос алты ұлдың ауылы да аман қалмады. Алты ұлдың ауылы дейтін себебі, сенің тікілей атаң Қожаберген деген кісі болған, сол атаңның алты ұлы қазір алты ауыл болып отыр. Осы Қожаберген атаң Отарбай деген атаңмен бірге Іспембет деген кісіден туған. Бұл атаңда да алты ұл болған, қазір олар да алты ауыл. Аталық шежірені өкеңнен мағұлымдарсың, ол Тілеу бабаңа дейін таратып айтып береді.

Иә, Қонысжан (менің азан шақырып қойған атым Қонысбай, үкіметтің қойған аты Қанатбай), қайсы бірін айтайын, сол зұлмат заман есіме түссе бойым мұздап қоя береді. Себебі сол жылдары Қожаберген - Отарбай әулеттерінен де бірнеше аталарың сотталып, айдалып кеткен. Ел өбігерге түсіп, адамдардың үрейі күннен-күнге күшейіп, енді қайсымызды алып кетер екен деп қорқынышпен өмір сүрген уақыт болды. Бұл қоғамда болып жатқан қайғылы оқиғалар елдің көңіліне үрей туғызып, түнде ұйқыдан, күндіз күлкіден тыйды. Елмен бірге осындай күйде жүрген маған ауыр болғаны бойыма бала бітпей, көп күйзелгенім, түрлі қаңқу сөзге қалғаным естен кетпейді. Осылай қиналып, жас жаным жай таппай қамығып жүрген кезімде шариғат қағидаларын терең білетін әкем Аяпбергеннің ұзатардағы айтқан аманат сөздері мені осы қамығу мен күйзелістен алып шықты. Егер әке ақылына жүгінбегенде не болар еді? Білмедім?...

(Басы. Жалғасы келесі санда)

Үлкен жүректі, көңілі жайлау, жүзінен мейірім төгілген, жаны жайсаң, келер күндерге бағыт беріп, тағдырымыздың қорғаушысы да, қолдаушысы да, қайраты да бола білген асыл анам Алмажанның бақи дариясының арғы бетіне өтіп кеткеніне де отыз төрт жыл болып қалыпты. Ана ұғымы, оның елдік деңгейдегі орны, сөз жоқ терең өңгімені талап ететіні баршаға аян. Осыған орай марқұм анамның текті әулеттің адал келіні, ынтымақ-берекесінің ұйтқысы, ізгілікті істерімен әулетіміздің отанасы атанып, қағылез мінезіне сай ауыл-аймақ пен ағайын-туыстардың ықыласына бөленген анама осы эссені жазуды ұйғардым.

Ана ақысын өтейін де ақтайын,
Кіші жанды мейіріммен баптайын.

Жүсіп БАЛАСАҒҰН.

1. АНА

Ана дегенде менің көз алдыма жүзінен мейірім нұры төгіліп: «Құлыным, ботақаным, шаңырағым, шырағым, арманым, күнім!» деп мың толғанып, емірене иіскейтін ақ жаулықты аналар елестейді. Ананың ақ сүтін, ананың еңбегін бағалау, оның алдында перзенттік парызды сезіну түйсігі бар жанға өмірлік азық. Ананың ақ сүті алдында кім болмасын бас иіп, борыштық сезімін мойындау парыз. «Анаңды сыйла, анаңды сыйла, тағы да анаңды сыйла» деп Пайғамбарымыз ана қадырын ерекше бағалаған.

Сондай-ақ ата-ана мен перзенттердің арасы қандай қатынаста болуы туралы қасиетті Құранда да анық жазылған.

Иә, ана деген сөз адам жүрегінің түбінен жарып шығып, ыстық сезімдерге жетелері хақ. Өмірге шыр етіп келген күннен бастап, өзің үшін жаралған жандар ол - ата–анаң. Өміріңнің сәнін де, әрін де келтіретін, жаманыңды жасырып, жақсылығыңды асыратын да ата – анаң. Ана, әке деген сөздер өмірдегі ең асыл, ең қасиетті де қастерлі ұғымдар. Әке–шешенің өсіріп тәрбиелеген, білім беріп жетілдірген жемісі – бала–шағасы. Ата–ана қандай жағдай болмасын «балам қатарынан қалмасын, білім алып азамат болып, еліне қызмет етсін» деп, өрқашан тілеуін тілеп жүретін асыл жандар. Әке мен шешенің бар бақыты бала–шағасының амандығы, солардың адам болуы ғана. Сондай-ақ өмірде болмай қоймайтын түрлі кедергілер мен қиындықтарға төзуге, күншілдер мен қызғаншақтарға сабырмен қарауға, билігің бар кезіңде қасыңда болып, жоқ кезіңде сенен тыс кететін, бар болса көре алмайтын, жоқ болса бере алмайтын, немесе бірді бірге шатыстырып жүретін берекесіздерден аулақ жүруге үйрететін де ана. Жабыққан, сүрінген сәттерде өрқашан жаныңнан табылып, қолтығыңнан демеп, жұбатып, үлкен армандарға жетелейтін, нұрға толы жүрегімен үмітіңді келер күнге жалғайтын да ана.

«Әркімнің пейілі Жаратушыға аян, адамның жүзін сындырма, ондай адамдар да анадан туған» деп кеңдікке тәрбиелейтін, асқан көңіліне басу айтатын да ана.

Кім кім де анасы туралы толғанып, қалам тербегісі келері анық. Бірақ оны жеткізе айту-қиын іс. Ата-ана туралы ақтарыла жыр жазатындар - ақындар мен жазушылар. Солардың бірі Ақұштап Бақтыгереева қазақтың жігіттерінен дос таба алмай, қыз да болса Фаризаға мұңын шаққан Мұқағалидай, тірілердің бойындағы ізгілік пен адамдықтың нышандарына көңілі толмай, о дүниедегі анасынан жауап алардай болып жыр арнауы ойлы адамды бей-жай қалдырмасы хақ:

Ол жақта қалай, ана, гүлдер көп пе,
Күнәсін кешіре алмай жүрген
көп пе,
Тіріде жалпылдаған жылмақайлар
Ол жаққа өлі барып үлгермеп пе?
Қабірін көмгенмен біз қалың қазып,
Жүр ме екен топас озып,
дарын азып,
Қазақтар бірін-бірі күндей ме екен

деген сыйы деп түсініп, жаһанға жар салып, ананың құдіретін айғайлап–ақ айтқым келеді. Анаға деген құрмет, анаға деген махаббат, анаға деген іңкәрлік. Әрбір перзент мейрімін ата-анасына осылай айта алса, онда адамдық пен адамгершілік, кісілік пен кішілік, мейірім мен мейірбандылық мәңгі тұрар еді.

Барлық игі жақсы істердің бастауы, шуақты күндердің көзі, жақсылықтың жаршысы-ана. Анаға деген ыстық сезімді, ыстық ықыласты сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Көптен жүрегімде ұялаған сезімімді, биыл дүниеге келгеніне жүз жыл толатын аяулы анам Алмажанға деген толғанысымды қағазға түсіруге ниет еттім. Иә, сөт.

Менің анам Алмажан қазақтың кешегі күндері бейнет көрген көп аналарының бірі сияқты өмірдің зейнетінен гөрі бейнетін көбірек көрген адам. Елге ырыс болмай, ұрыс болған, кешегі ақ қашқан, қызыл қуған заманда анам 1918 жылы Арал теңізінің Көкбасты деген жерінде, айран ұйытып ішетіндей қоңыр шаруасы бар отбасында дүниеге келген. Шекті елі, руы Жақайым, Торжымбай аталығы. Әкесі Аяпберген Құлтасов 1895 жылы туып, 1973 жылы дүниеден өткен. Шешесі Зейнеп, анам бір жасқа келгесін қайтыс болған. Анамды туған шешесі қайтыс болғасын үлкен әжесі Мерует тәрбиелеген. Нағашы атам Аяпберген қазақша, арабша, орысша сауатты, Арал, Шалқар төңірегіне есімі елеулі, туралығымен танымал, өткір адам болыпты. Кеңес Өкіметінің саясатына діни сауаттылығы ұнамай құғын-сүргінге ұшырап, он жылдан астам уақыт сотты болған. Осындай аумалы-төкпелі заманды басынан өткізіп жүрсе де, балаларын ата-бабаларымыздың салт-дәстүріне сай тәрбиелеуден жаңылмапты. Сол әкеден көрген діни бағыттағы тәрбиесінен болар анамның күш-қуаты мол, ерік-жігері мықты, қиындыққа төзімді болатын. Оның негізгі мақсаты және тілегі ел басына түскен үлкен зобалаң, аштық пен құғын-сүргінді, қолдан жасалған нәубетті жылдарды халқымыздың келешекте көрмеуі еді. Ол арманы мен халықтың тілегі орындалды, ел тәуелсіздік алды, өшкені жанды, үзілгені жалғанды, жоғалғаны табылды. Тәубе!

Осындай жоқшылықты, жетімдікті, тауқыметті өмірді басынан өткерген анама қаршадайымнан қолқанат болып, ақыл-кеңесін мұқият тыңдап, бейнетін бөлісіп, айтқан сөзін екі етпей орындауға дағдыланып, қасы мен қабағына қарап өстім. Себебі басынан кешкен оқиғаларына қарағанда күллі өмірі бейнетпен өткен. Күңірене отырып айтқан өңгімелерін тыңдаған сайын, тірі тарихпен тілдескендей болып, ішкі жан дүнием алай-дүлей болатын. Анаға деген перзенттік махаббатым есепсіз күшейіп, қолымда құдіретім болса дүниедегі бар жақсылықты тек қана анама жасағым келіп кететін. Анамның басынан өткізген оқиғалары мені әділдікке, қайсарлыққа, ұстамдылыққа, еңбекқорлыққа, қиыншылықты жеңуге үйретті. Осындай тауқыметті басынан өткере жүріп біздерді дүниеге әкеліп, төлім-тәрбие беріп, оқытқанына қайран қалып, анаға арнап сөзбен бір белгі соққым келді. Ол белгі өлі де болса рухы сезер деген ниетпен осы жазып отырған естелік жазбам.

2. ҮРЕЙЛІ ӨМІР

Бүлінген елде дау болар.
Даудың түбі жау болар.
Шуылдап ел дауласса,
Оның соңы не болар.

Ел аузынан.

Анам:

- Әкеңнен тыңдаған шежірелеріңді, менен естіген түрлі оқиғалы өңгімелерді зердеңе түй, санаңда сақта, қажет десең қағазға түсіріп жүр, бірде болмаса, бірде керек болар, деп жай ғана айтып қоятын.

Перзентіңнің жүрегінің төріне жеткізе ұялатқан өтінішің орындалды, рухың сезсін, жаның жаннатта қазақ отбасының береке-бірлігін, кең пейіл қонақ жайлылығын, үй иесінің абыройын, ризық-несібесін білдіретін ата-бабаларымыздан бізге жеткен мұра. Кісіліктің кілтіне бастайтын да -дастархан. Көңіл кірін жуатын да - дастархан. Тәрбиенің алаңы да - дастархан. Алаң көңілге сенім беретін де- дастархан. Дастархан өркез ізгі ниетке жайылмақ! Жайылған дастарханнан жөн білетін адам аттамайды. Анам марқұм, тіпті үй сыртынан өтіп бара жатқан жолаушыны да үйге кіргізіп, малын сойып, дастарханға барын төгіп, дәм татқызып, өңгіме-дүкен құрып, мәресәре болып, олардың аттанар кезінде сойылған малдың етінен үйіндегілерге сыбаға беріп жіберетін. Кейбір әрекеттеріне қайран қалып, бұның қалай дегенде:

-Төгіп, төгіп берсең, Алла толтырып, толтырып несібе береді, маған бермесе ертең саған береді, - дейтін, жарықтық. Ауыл әйелдері анамның дархандығына қайран қалып, мырза шешей атап кеткен.

Анамның дүниеге келіп, қыз болып бойжетуі, болашақ күйеуі әкеммен отбасын құруы Кеңес өкіметінің қасіретті де қайғылы жылдарына сәйкес келеді. 1920-1950 жылдардағы саяси құғын-сүргін, 1950-1960 жылдардағы зорлық-зомбылықпен жүргізілген колхоздың ақысыз-пұлсыз ауыр жұмысы, 1960-1980 жылдардағы совхоздың бейнетті тірлігімен аяқталады.

Иә, анам дүниеге келіп жатқанда дүние жүзін дүр сілкіндірген, Ресей халқының екіге айрылған қазан төңкерісі болып, ақтар мен қызылдар арасындағы жан алысқан ұрыстар мен соғыстарда большевиктер (қызылдар) партиясы жеңді. Сөйтіп Кеңес өкіметі 1917 жылдың 7-ші қарашасында орнады. Жаңа Өкімет тек орыстарға ғана орнап қойған жоқ, ол империяның өзге көптеген елдерін де қамтыды. Яғни, он бес одақтан тұратын Кеңес өкіметі құрылды.

Большевиктер партиясының жаңа өкіметі құрылғанмен халықтың жағдайы жақсара қоймады. 1920-1922 жылдардағы аштық, 1928-1929 жылдардағы байларды көмпескелеу, құдалау, 1930-1933 жылдардағы қолдан ұйымдастырылған зұлмат аштық. Бұны тарихта Голощекиннің кіші октябрі дейді. Осы зұлматты жылдарды зерттеген белгілі демограф-ғалым М. Тәтімовтың есептеуінше қазақ халқының жартысына жуығы аштан қырылған екен. Бұл нәубет қазақ тарихының қасіретті беттерінің бірі ретінде сақталып қалған «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан» да асып түскен зұлмат болды. Бұл қасіретті жылдары адамдар тірі қалу үшін не жемеді, не айла - шарғы жасамады десеңші. Олар есек, тышқан, торғай, құрт-құмырсқа, тағы да басқа тамақтан өтетін тірі жәндіктің бәрін жеген.

1937-1939 жылдардағы репрессия, 1941-1945 жылдардағы неміс фашистерімен соғыс, 1945-1960 жылдардағы халық шаруашылығын қалпына келтіру және колхоздың ауыр жұмыстары. Халықтың малының бар-жоғына қарамай сол кезде әрбір түтін (қазіргі тілмен “отбасы”) сегіз келі сары май және елу алты келі ет өткізуге міндетті болған. Бұндай ауыртпалықты көрген халық, тек шықпа жаным, шықпа деп өзер өмір сүрген.

Осындай шабуылды да ұрысты, нәубетті де қасіретті, бейнетті де азапты жылдарды әкем мен анам бастан кешкен. Зобалаңы мен зұлматы көп заманда өмірге келіп, қоғам дамуының қасіретті кездерін бастап кешкен адам өмірде үргедек, қорғаншақ, секемшіл болады екен, тіпті не болса содан күдіктеніп, үкімет тарапынан берілетін көмектерден де бас тартқан кездері болған.

Мен анамнан жастық шағын, әкеммен қалай үйленгенін, көрген бейнеттерін сұрайтынмын. Анам басынан өткізген оқиғаларын жабырқаулы күйге түсе отырып, былай өңгімелейтін:

- Менің балалық шағым шешеден

ҮЛГІСІ КӨП «ҮЛКЕН ЖҮРЕК» ИЕСІ

ҰСТАЗ… ҚАНДАЙ ҚАСИЕТТІ СӨЗ! ӘР АДАМНЫҢ ЖҮРЕГІНЕ ЕРЕКШЕ ЖЫЛУЛЫҚ НҰРЫН СЕБЕТІН АЯУЛЫ ТҰЛҒА БЕЙНЕСІМЕН ӨЗЕКТЕС ҰҒЫМ. АДАМ БАЛАСЫНЫҢ ЖҮРЕГІНДЕ ҚАДІР ТҰТЫП, ҚҰРМЕТТЕЙТІН ЕКІ ҰҒЫМ БОЛСА, СОНЫҢ БІРІ - ҰСТАЗ. «ҰСТАЗ» ДЕГЕН ҚАЗАҚ БАЛАСЫ ҮШІН ҚАШАНДА ҚАСИЕТТІ, ҚАДІРЛІ БОЛҒАН. «ҰСТАЗДАН ТӘРБИЕ АЛҒАН» НЕМЕСЕ «ҰСТАЗ АЛДЫН КӨРГЕН» ДЕГЕН СӨЗДЕР ҚҰЛАҚҚА «АНА ТӘРБИЕСІН АЛҒАН» ДЕГЕН СӨЗДЕРМЕН ҰШТАСЫП ЖАТАДЫ. ҰСТАЗ ӘР АДАМНЫҢ ЖАНЫНА БІЛІМ ДӘНІН СЕУІП, ӘР ШӘКІРТІН АЯЛАП, ӨМІР АТТЫ ШЕКСІЗ ҒАЛАМҒА ТОПШЫСЫН ҚАТАЙТЫП ҰШЫРАДЫ.

Дәлірек айтсақ, адамды өмір сүре білуге тәрбиелейді. Сол үшін бойындағы асыл қасиеттерін шәкірттеріне сіңіріп, тер төгеді. Менің ойымша, кез келген мұғалім ұстаз бола алмайды. Себебі, ұстаздық өнер - тағылымы терең өнер. Ал өнерлі болу кез-келген адамға қона бермейді. Олай болса, шын ұстаз болу үшін табиғи дарын, ізгілікті ізденіс пен ерен еңбекке ұштастырылуы шарт. «Шәкіртсіз ұстаз тұл» - деген тегін айтылмаса керек. Дүниедегі сыйлы адам да ұстаз. Себебі, шәкірт өнер, білім, әдеп, тәрбие, кәсіп үйреткен адамының алдында өзін өмір бойы қарыздармын деп санайды.

Біздің буын нағыз білімге сусаған ұрпақ. Сондықтан болар, біздің өнер-білімге құтарлығымыз ерекше болды десем артық айтқандығым емес. Тіпті мектепті бітіргенде-ақ, мұғалім болып кеткен жастар көп. Солардың бірі мен. 1970 жылы Жамбыл сегізжылдық мектебіне дипломсыз математика пәнінің мұғалімі болып орналасқанда, өзінің ісімен үлгі болып, өнегесімен өмірімде өшпес із қалдырған тұлға ол – Сағидолла Жакиев.

«Ұстаз болу өз уақытыңды аямай, өзгенің бақытын аялау» - деп Мұхтар Әуезов айтқандай, уақытпен санаспай балалардың болашағы үшін аянбай жұмыс жасап, қанша жыл тер төгіп еңбек етсе де, «Болдым, толдым, мен бәрін де білемін» деп асыптасымаған Сөкең ақсақал бүгінде тоқсан жастың төріне шығып отыр. Көп жыл бірнеше мектепті басқарған аға бүкіл ұжымды саналы тәрбие мен сапалы білім беруді талап етумен қатар, өзі бірге жүріп, баланы да, мұғалімді де еңбекке баулуының өзі нағыз ағалық қамқорлық пен әкелік мейірімнің күәсі. Сағидолла ағай бала алдында да, мұғалімдер алдында да өзінің жүріс-тұрысымен, киім киісімен, сөйлеу шеберлігімен, дауыс ырғағымен, яғни барлық жағынан үлгі болды.

«Ұстаз үнемі ізденіс үстінде болуы керек. Өмір бір орнында тұрмайды, үнемі алға жылжып отырады, осыған орай жаңа заманның жаңа адамын тәрбиелеу, оқыту үшін үнемі ізденіп, білімін, біліктілігін арттырып отыру керек», - дейтін өзі.

Әйгілі актер Серке Қожамқұлов «Ұстаз деген ұлағатты атауды естігенде, күні бүгінге дейін өзімді шәкірттей сезінемін» - депті. Мен де жасым жетпістен асса да, Сағидолла ағайдың алдында әлі шәкіртімін.

Өйткені, ағай жүздеген шәкірттері мен ізбасарларына өзінің жақсы қасиеттерін үлгілі ісімен дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар берген ұстаз. Сондықтан да ол әрдайым мен үшін жүрегімде білімге деген сарқылмас ынта – ықыласты оятқан үлкен тұлға.

«Жақсы ұстазға екі ғана нәрсе керек, оның бірі - терең білім болса, екіншісі – үлкен жүрек» - деген даналыққа сүйенсек, ағайдың бойында бұл екеуі де бар.

Сол үлкен жүрек бүгін тоқсанға толды. Ғұмырының жартысын ұстаздық жолға арнаған ақсақалдың өнегелі істерін айтып тауысу мүмкін емес. Ұрпағына арнаған ұлағатын арнайы кітап қылып шығарды. Жөния жеңгеміз екеуі дүниеге 11 бала әкеліп, бәріне де жоғары білім әперіп, өз қолдарын өз ауыздарына жеткізген абыз ақсақал. Алды ел ағасы жасына жеткен балалары облыстың ғана емес, республиканың мақтанышына айналып отыр.

Мұхит КЕРЕЙҰЛЫ,
Еңбек ардагері.

БӘСІРЕ БАЛАНЫ ӨМІРГЕ БАУЛУ САЛТЫ

Қазақта балаларға арналған салттар аз емес. Соның бірі «Бәсіре» деп аталады. Бала есі кіріп, сүндетке отырғызылғанда, мектепке барғанда атасы немесе өз әке-шешесі оған тай атайды. Ол «бәсіре тай» аталады.

Бәсіре мағынасы «Бас ірі» дегеннен, алғашқы өзіннің жеке меншікті малың, болашақта жинайтын мал-дүниеңнің басы дегенді білдіретін меңзеуден шыққан болса керек. Осылайша үлкендер баланы жеке жауапкершілікке ынталандыру арқылы баулитын. Жекеменшік малы, заты болудың не екенін білдіру арқылы болашақ ересек өмірге үйретуді бастайтын. Бала оны ерекше күтімге алады. Өзі бағады, үйретеді. Осылайша

«Бәсіре» баланы тұрмыс-тіршілікке бейімдейді. Құрбы-құрдастарына «бұл менің бәсіре тайым» деп көңілі өсіп мақтану арқылы еңбек етуге үйренеді.

АТАҚТЫ ҒАЛЫМНЫҢ БӘСІРЕСІ

Қазақтың тарихын, тұрмыс-тіршілігін тереңінен зерттеген білгілі ғалым Ақселеу Сейдімбек «Ойтолғақ» атты күнделігінде өзінің бәсірелі болған балалық шағын былай деп еске алады: «… Менің есімнен кетпейді, алты-жеті жасымда бәсіре тайымды бұлақтан суарып, қайтып келе жатқанымда алдымнан жолыққан қарт ана маған жол беріп, өткізіп жіберіп еді. Мен пионерлік түсінікпен «Апа, өтіңіз» дегенімде өлгі кейуана: «Жоқ, шырағым, бәсіре пырағын жетелеген азаматтың жолын кесуге болмайды, өтіп кет!» деп бұйыра тіл қатқан дауысы әлі құлағымда.

Маған жол берген ана менің көз алдымда төңіріге айналғандай өсер әлі күнге дейін жан-жүрегімді толқытады».

ЖҮЙРІК ЖЕЛМЕН БІЗ ҚАШАН ЖАРЫС-ҚАЛЫ

Бәсіре жас балаға естен кетпестей әсер еткен. Осы бір тәрбиелік мағынасы терең дәстүр ер балаларға үлкен өмірлік жолдың бастамасы болғаны анық. Ақын Мұқағали Мақатайұлының болашақта үлкен жыр алыбы болып қалыптасуына да осы дәстүр игі әсерін тигізген болуы мүмкін. Балалық шағында есте қаларлықтай болған оқиғаны ақын кейін есіне алып «БӘСІРЕ» атты өлең жазған:

Жылқышы атам – қамқоршы,
асыл еді,
Әкелді де, ерттеді бәсірені.
Үзеңгімді тең теуіп, орныққанша,
Бәсірені құлақтан басып еді.
Асау тай мөңкитұғын көрінбеді,
Тебінбеді, немесе шегінбеді,
Атам тайдың құлағын қоя беріп,
Тізгін-шылбыр ұстатып: – тебін! –
деді.
Сарт еткізіп бір теуіп мамағашты,
Әзер тұрған ала тай ала қашты.
Бір тентектің үстінде бір
тентек бар,
Екі тентек айдай кеп жағаласты.
Жүйрік желмен біз
қашан жарысқалы,
Атамдар да, ауыл да алыстады.
Қос тентектің қызығын
көп көрді ме,
Көршілердің иті де қалыспады.
Ұласып иттер даусы аттан құрды,
Бәсірем атылады сақпан құрлы.
Екі тізгін, бір шылбыр
қолға ұстатып,
Осылай Атам мені аттандырды.
Құлаймын-ау деген бір қауіппенен,
Шауып келем, ызғытып
шауып келем.
Атам таққан құйысқан түсіп қапты,
Өттеген-ай, қай жерден
тауып берем…

Бүгінгі бәрсіре тойлар

Бүгінгі бейбіт заманда балаға бәсіре тайын мінгізу өзінше жаңа үрдіспен жалғасып жатқан игі дәстүр. Қазақтар балаларының сүндетке отырғызылып, мектепке барғанына қуанып үлкен той жасайды. Биік те сәулетті тойханаларда жүздеген жақын туыстарын, құда-жегжатын, жора-жолдастарын шақырып қуаныштарымен бөліседі. Қазақ оюларымен көмкерілген кемзал мен шалбар, ұшы қайқайма етік, қазақ батырларының үлгісінде пішіліп тігілген ұлттық киімдер кигізіп, басына дулыға, қолына қалқан мен қылыш ұстатып балаларды бәсіре тайға мінгізіп тойхана төріне шығарып айнала жүргізеді. Қуанған халайық «Дәу жігіт бол!», «Үлкен азамат бол!», «Халықтың ұлы бол!» деген тағы басқа да тілектермен аттың сауырындағы қоржынға байғазы салып жатады.

Баталар беріліп, тілектер айтылады. Ән шырқалып, билер биленеді. Осындай тойлар баланың есіне жақсы сақталынады да болашақта көздеген арманына жетуіне үлкен септігін тигізеді.

«Бәсіре» — балажан қазақ халқының жанына ең жақын дәстүрлердің бірі.

Бердалы ОСПАН,
“Адырна” ұлттық порталы.